

1993 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы N 02 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қаңтарда N 5-6-102 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 2137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2010.04.16 N 2137 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 “Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы” Заңының 17, 18 және 44 баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 33 бабының 1 тармағының 13-тармақшасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 “Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы” Қаулысын басшылыққа ала отырып, **ШЕШЕМІН:**

1. Аягөз ауданының шақыру учаскесіне заңмен белгіленген мерзімде 1993 жылы туған азаматтарды тіркеу өткізілсін.

2. Шақыру учаскесіне тіркелетін 1993 жылы туған азаматтарды медициналық куәләндіру 2010 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында жүргізілсін.

3. “Аудандық медициналық бірлестігі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (Ж. Жұмаханов) (келісімі бойынша) төмендегі ұсынылсын:

1) медициналық куәләндіруді өткізу үшін қажетті мөлшерде маман-дәрігерлер мен орта буындағы медициналық қызметкерлерді бөлу;

2) жатып емделетін орындарда, емдеу-сауықтыру мекемелерінде тіркеу жөніндегі комиссияның жолдамалары бойынша азаматтарды қосымша тексеру ү ш і н б о с о р ы н д а р ұ с т а у ;

3) қажетті мөлшерде медициналық аспаптармен, мүлікпен қамтамасыз ету;

4) тіркеу жүргізілу барысында, емделуге мұқтаж әскерге шақырушылардың тізімдері тапсырылған соң, оларды емдеу мекемелеріне бекітіп, толық емделіп ш ы ғ у ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

4. Қала, кент және ауылдық округтер әкімдері әскери тіркеуге тиісті азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөліміне шақырылғандығы туралы хабардар етуге және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. “Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі” мемлекеттік мекемесі (Б. Мұстафаев) мүгедек деп танылған барлық адамдар туралы мәлімет берсін.

6. “Аягөз аудандық білім бөлімі” мемлекеттік мекемесіне (С. Ещанова):

1) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу және білім деңгейін тексерсін;

2) әскери техникалық мамандық бойынша даярлауға үміткерлерді іріктесін.

7. Аягөз ауданының ішкі істер бөліміне (Ш. Құнанбаев) (келісімі бойынша)

т ө м е н д е г і ұ с ы н ы л с ы н :

1) бұрын сотталған немесе жазасын өтеп жүрген, қоғамға жат әрекеттері мен басқадай қылмыстары үшін тергеуде жүрген, әскери тіркелуге тиісті азаматтар туралы мәліметтерді Аягөз қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріккен б ө л і м і н е х а б а р л а у ;

2. Қазақстан Республикасының “Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы” Заңын орындаудан жалтарып жүргендерді іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру.

8. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н. С ұ л т а н о в қ а ж ү к т е л с і н .

9. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз ауданының әкімі

Н. Әзімбаев